

3.К. КАРИМОВА

МҰСА САЙРАМИДІН «ТАРИХ-И ХАМИДИ» ШЫҒАРМАСЫ – ШЫҒЫС ТҮРКІСТАН ХАЛЫҚТАРЫ ТАРИХЫНЫң МАҢЫЗДЫ ДЕРЕККӨЗІ (XIX ғасырдың екінші жартысы)

XIX ғасырдың екінші жартысында Шығыс Түркістан өнірінің барлық аймактарында ұлт-азаттық қозғалыстар кен өріс алды. Цин империясының жүргізген саясатына шыдамы таусылған, сондай-ақ өз тәуелсіздігін кайта орнатуды мақсат еткен жергілікті халықтар қолына құрал алып, басқыншыларға қарсы көтеріледі. Қолемді халық әрекеттерінің нәтижесінде Шығыс Түркістанда бірнеше тәуелсіз хандықтар құрылады. Осы және басқа да тарихи оқиғалар жөнінде жергілікті халық арасынан шыққан тарихшы ғұламалар көптеген тарихи еңбектерді жазады. Бұған Мұхаммед Сәлих Йаркендидін «Ғазат әл Мұслимин», Үмідибын «Джән наме» және «Бадавлетнаме», Біләл Назым тарапынан жазылған «Ғазат дәр мұлкі Чин», Молла Шәкір тарапынан жазылған «Зәпәрнаме», Мұхаммед Алямның «Тарих-и Қашғар», Молла Мұса Сайрами тарапынан жазылған «Тарих-и амнийа» және де «Тарих-и хамиди», Қожа Жүсіп тарапынан жазылған «Жәм эт таварих» еңбектері мысал бола алады. Әсіреле, Мұса Сайрамидін «Тарих-и амнийа» және «Тарих-и хамиди» атты тарихи шығармалары бұл кезеңде аймакта қалыптасқан ахуалды толық баяндайтын бірден бір дереккөз болып саналады.

Атакты тарихшы Мұса Сайрами 1836 жылы 23 тамызда Шығыс Түркістанның Ақсу қаласының маңындағы Бай ауданының Сайрам кентінде медресе ұстазының отбасында дүниеге келген. Әкесі Молла Иса қожа ибн Молла Әзизхан қожаның ықпалымен Мұса 7 жасында Сайрам медресесінен сауатын ашады. 1847 жылы 11 жасында Кучадағы «Саксак» медресесінде оқуын жалғастырады. Бұл медресе сол кездегі Шығыс Түркістандағы басты білім ордаларының бірі болған. Онда білгір ғалым Молла Осман Ахуннан дәріс алған Мұса Сайрами Құран-и Кәрім, хадис, тарих, әдебиет пәндері бойынша дәріс алушы мен қатар араб, парсы тілдерін жетік менгеріп шығады. 1854 жылы медреседе оқуын та-мамдаған Молла Мұса өз еліне қайта оралып, Сайрам медресесінде дәріс оқыды [1, 254-255].

Осы уақыт Шығыс Түркістан халқының Цин империясы үстемдігіне қарсы ұлт-азаттық көтерілісі басталған кезеңі. 1864 жылы маусым айында басталған ұлт-азаттық қозғалыс Куча қаласында жеңіске жетіп, бірте-бірте Сайрам, Бай, Ақсу, Үш-Тұрпан қалалары басқыншылардан азат етіледі.

Нәтижесінде сол жылы Куча хандығы құрылып, хан тағына Рәшид әд-дин қожа отырады. Мұса Сайрами осы қозғалысқа белсene қатысып, батырлығымен қоса ақылдылығымен, тапқырлығымен де көзге түсіп, қозғалыс басшыларының бірі Махмұд әд дин қожаның кенесшісі, мәр ұстаушысы қызметіне тағайындалады. Кейінрек 1867 жылы Йақұп бек Куча хандығын құлатып, қожаларды өзіне бағындырған кезде ол Йақұп бек құрган Жетішаңар хандығы әкімшілігіндегі зекетші Мырза Бабабектің қол астында хатшы болып, Цин үкіметі қайта басып алғанға дейін 11 жыл қызмет атқарды [2, 380-381]. Йақұп бек хандығы құлаған соң қалған өмірін шығарма-шылыққа арнаған Мұса Сайрамидін «Тарих-и амнийа», «Тарих-и хамиди», «Тазкират ал-әулия», «Дәр байан асхаб әл-Кәньф», «Ғазалийат», «Саламнаме» сияқты тарихи еңбектері мен көркем шығармалары бар. Кейбір мәліметтерге қарағанда, автор «Тазкираи Қожа Афак» атты тарихи шығарма да жазған. Алайда бұл еңбектің бүгінгі таңда қай жерде сақталғаны беймәлім.

1905 жылы белгілі орыс шығыстанушысы Н.Н. Пантусов Мұса Сайрамидін «Тарих-и амнийа» аты еңбегін Қазан қаласында баспадан шығарады [3]. Кітапты қолына алған автор бұл шығарманың мазмұнындағы жетіспеушіліктерін, кейбір мәселелерінін қате баяндалғанын сезіп, сондай-ақ көптеген жерлеріне түзету және толықтырулар енгізу қажеттігін түсініп, «Тарих-и хамиди» атты еңбекін жазып шығады. «Тарих-и хамиди» Мұса Сайрамидін ең көлемді шығармасы болып, бұл еңбекті автор өзінің бұрын жазған «Тарих-и амнийа» атты еңбегінің негізінде хижра жыл санауы бойынша 1326 жылы шаввал айынын 26 күні, бүгінгі күн жыл санауы бойынша 1908 жылы шілденін 10 күні жазып бітірген. Кейбір мәліметтер бойынша Мұса Сайрами еңбекті өз қолымен 5 рет көшіріп шыққан. Қолжазбаның автор хижра жыл санауы бойынша 1329 жылы (1911 жылы) өз қолымен көшірген бір нұсқасы Қытайдың Қоғамдық ғылымдар академиясының Үлттарды зерттеу институтында сақталған. Кітап газет қағазына, тақырыбы қызыл сия, мазмұны кара сиямен насталик жазуында, түркі-шағатай тілінде жазылған. Қолемі – 399 бет, әр бір бет 15-19 жолдан тұрады [4, 160]. Әкінішке орай, бүгінге дейін дереккөздің осы бір нұсқасыға ғана ғылыми айналым-

да мәлім. Тек 1986 жылы шынжандық ғалым Әнуар Байтур осы нұсқасын қазіргі үйір тіліне аударып баспадан шығарды. Кейінгі кездердегі ізденулердің нәтижесінде, жапондық ғалым, шығыс деректерінің жетік білгірі Ясуши Шенминның мәліметтері бойынша «Тарих-и хамиди»дың тағы бір нұсқасы Швед мемлекеті Лундуниверситетінің кітапханасында сакталғаны мәлім болды. Бұл нұсқаны белгілі шығыстанушы ғалым Гуннар Ярингке XX ғасырдың басында Қашғарияда болған швед миссионерінің ұлы Я. Стефан атты адам сыйға тартқан. Қалған көшірмелерінің қайсы жерде сакталғаны мәлім емес.

Шығарманың «Тарих-и хамиди» деп аталуына байланысты автор көптеген себептерді көлтіреді. Біріншіден, Йақұп бек Шығыс Түркістанның оңтүстік аймағын біріктіріп ірі Жетішаńар мемлекетін күрғаннан кейін, жас және әлі әлсіз мемлекетін сактап қалу максатымен Осман империясының сұлтаны Абд әл Азиз ханға елші жіберіп, оның иелігі астына өту тілегін білдірген еді. Абд әл Азиз хан Йақұп бектің ұсынысын қабылдап, Жетішаńар мемлекетін өзінің қол астындағы әмірлік деп жарияладп, Йақұп бекке «мирахор басы» деген атақ берген. Так басына Абд әл Азиз ханның інісі Абд әл Хамид хан келгенде бұл дәстүр өз жалғасын тапқан болатын. Осы кезеңде Туркия мемлекеті Жетішаńарға рухани және материалдық жағынан бір қатар көмектерді көрсетеді. Сол себепті, Мұса Сайрами өз еңбегін Абд әл Хамид ханның құрметіне «Тарих-и хамиди» деп атайды. Екіншіден, Мұса Сайрамидың өз айтуы бойынша, атақты тарихшы Мырза Мухаммад Хайдар «Тарих-и Рашиди» атты еңбегін сол заманың ірі қоғам қайраткері, Могулистан мемлекетінің әділ билеушісі Абд әл Рәшид ханның құрметіне солай атаған екен. Мен де өз еңбегімеге бүгінгі таңдағы мұсылмандардың қамкоршысы және корғаушысы болған ұлы Османия мемлекетінің патшасы Абд әл Хамид ханның атына арнап «Тарих-и хамиди» деген ат бердім, – дейді [5, 39].

«Тарих-и хамиди» сөз басы, кіріспе, екі бөлім (дастан) мен қорытындыдан тұрады. Сөз басында автор шығарманың жалпы мазмұнына қысқаша тоқталады. Бұл шығарманы жазуға кім және ненің тұртқі болғаны, сондай-ақ, атауының «Тарих-и хамиди» деп қойылуы себептерін анық мысалдар келтіріп түсіндіреді.

«Тарих-и хамиди» кіріспесі 6 бапқа бөлінген болып, негізінен Шығыс Түркістанның ежелгі дәуірден бастап, XIX ғасырға дейінгі тарихы қамтылған.

Бірінші дастан 16 бапқа бөлінген болып, 1864 жылы Кучада басталған ұлт-азаттық қозғалыстың себептері, басталуы, өріс алуы және нәтижесіне

тоқталады. Кожалар басшылығы астындағы көтерілісшілердің Ақсу, Қашғар, Хотан, Тұрпан, Хами қалаларына жасаған жорықтарының женіске жетіп, Куча хандығының құрылуы мәселелерін көнін суреттейді.

Екінші дастан 20 баптан тұрады. Бұл бөлім то-лығымен Йақұп бектің Қашғарияда билік құрған кезіне арналған. Йақұп бек хандығының ішкі саясатын нақты сипаттаумен қатар сыртқы саясаты тура-лы манызды мәліметтер көлтіріледі. Атап айтқанда, Йақұп бектің Қоқан хандығында қызмет көрсеткен кезеңі, Ресей патшалығының Орта Азия мен Қазақстанды жаулап алуы, Жетішаńар мемлекеті мен Ресей, Осман, Британия империяларының өзара карым-қатынастары өз бейнесін тапқан. Қоқан хандығының ахуалы, тарихи-элеуметтік жағдайы да назардан тыс қалмаған. Шығарманың осы бөлімінде автор 13 жыл бойы тәуелсіз мемлекет болған Шығыс Түркістанды Цин эскерлерінің екінші рет жаулап алуына төрек тоқталады.

Қорытынды бөлімінде автор Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан Қашғар, Йаркенд, Хотан, Үш Тұрпан, Ақсу, Куча, Тұрпан, Корла сияқты ежелгі қалалардың тарихы, халықтарының тіл ерекшеліктері, әдет-ғұрыпты туралы баяндайды. Ол қалаларда орналасқан киелі мұсылмандар мазарлары жөнінде мол мәлімет береді. Сондай-ақ, бұл бөлімде киелі орындардың бірі есептелген Әсъяб ул Кеңіфтің нақты қай жерде орналасқандығына байланысты өз көзқарастарымен қатар, ұстазы Шами Дамолладан естіл білгендерін айтады.

Шығармада негізінен XIX ғасырдың екінші жартысындағы Шығыс Түркістан тарихы баяндалғанымен, көршілес аймактардың, атап айтқанда, Қазақстанның, Ресей патшалығы, Орта Азия хандықтарының (Қоқан, Бұхара хандықтары) тарихы туралы да құнды мәліметтер: саяси, тарихи-мәдени байланыстары, осы өнірдегі ежелгі қалалардың тарихы туралы бағалы деректер көлтіріледі.

Мұса Сайрамидің өз мәліметтері бойынша, шығарманың кіріспе бөлімін жазу үшін ежелгі тарихты парсы тілінде жазылған «Раузат ас сафа», «Мунтахаб ат таварих», «Тарих-и Рашиди», түркі тілінде жазылған «Тарих-и Шахрух» енбектері арқылы үйреніп, осы дереккөздердің мәліметтеріне сүйеніп жазып шыққан. Бірінші және екінші дастандар болса тікелей автордың өзі қатысқан, көрген оқиғалар, немесе сол оқиғаларға қатысқан адамдардың аузынан естігендері негізінде жазылған [5, 38]. Бұл дереккөзде берілген мәліметтердің шындыққа жақын екендігін білдіріп, шығарманың ғылыми құндылығын арттырады.

Қорыта келгенде айтарымыз, Молла Мұса Сайрамидің «Тарих-и хамиди» шығармасы тек кана-

Шығыс Түркістан тарихы бойынша құнды дереккөз болып қалмай, жалпы Орталық Азия халықтарының тарихы бойынша мол мәліметтер қамтылған деректеме болып табылады.

ӘДЕБІЕТ

1. Мұхаммәтимин А. Мәшінүр тарихшунас алим – Молла Мұса Сайрами // Шынжаң тарихи материалдары. – Урумчи, 1994.
2. Молла Мұса Сайрами. Тарих-и амнийа. – Урумчи, 1989.
3. Таарих-Эминие. История владетелей Кашгарии, сочинение Муллы Мусы, бен Мулла Айса, сайрамца, изданная Н.Н. Пантусовым. – Казань, 1905.
4. Анвар Байтур. Молла Мұса Сайрами вә «Тарих-и њәмиди» // Шынжаң ижтимай пәннелер тәтқиқати.-1984.-№3.
5. Молла Мұса Сайрами. Тарих-и хамиди. – Урумчи, 1986.

Резюме

Изучен написанный в Восточном Туркестане в начале XX в. на чагатайском языке тюркоязычный труд

«Тарих-и хамиди».

Summary

In this article author considers Turkic manuscript “Tarihi-i hamidi”, was written a Chagatay language in Eastern Turkistan in XX c. This manuscript includes valuable historical information about Central Asian peoples; particularly describe history of Eastern Turkistan in second half of XIX c.